



№12 (33) ҚАРАША 2018 ж. | «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП АЛИК АЙДАРБАЕВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Айдарбаев Алик Серікұлы 1963 жылы 19 мамырда Алматы облысы, Александровка ауылында дүниеге келген.

1985 жылы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кенорындарын игерудің технологиясы және кешенді механизациясы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы бастады. Әр жылдары «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ оператор-технологы, қабат қысымын ұстау цехы басшысының орынбасары, «Оңтүстікқазмұнайгаз» МАҚ қабат қысымын ұстау учаскесінің басшысы, мұнай және газ өндіру цехының басшысы, бас директорының орынбасары, бірінші вице-президенті, «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Инвестициялар және даму министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болды.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ӨЗЕН КЕНОРНЫНА КЕЛДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев 25-26 қараша күндері Жаңаөзен қаласына жұмыс сапарымен келді. Алдымен Алик Серікұлы өндіріс орнына барып, жұмысшылармен кездесті. Өзен кенорындағы мұнайшылардың әлеуметтік жағдайларын өздерінен естіді.

Одан соң «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы өндірістік құрылымдық басқармаларының басшыларымен, кәсіподақ ұйымының төрағаларымен және еншілес мекемелердің басшылық құрамымен кездесті. Онда Алик Серікұлын мұнайшылар жаңа қызметімен құттықтады. Кездесуде компанияда әлеуметтік және өндірістік бағытта атқарылып жатқан жұмыстар жайы сөз болды. Сондай-ақ бірқатар мәселелер, атап айтар болсақ, аутсорсинг, мораторий төңірегінде айтылды.

Өз кезегінде Алик Айдарбаев компанияның алдында Елбасы қойған бірқатар нақты тапсырмалардың тұрғанын баса айтты. Мұнай-газ өнеркәсіптері арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру керектігін алға тартты. Мұнай өндірудің өзіндік құнының құрамындағы еңбекақы мөлшерінің аз еместігін айтқан ол өндіріске қарқын беру яғни мұнай өндіру көлемін ұлғайту керек, - деді. Сондай-ақ Өзен кенорымен бұрыннан жете таныс жаңа басқарма төрағасы қозғалып отырған мәселелердің барлығынан хабардар екенін айтып, мүмкіндігінше шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді.

Жұмыс сапары барысында басқарма төрағасына Жаңаөзен қаласының ақсақалдарымен жүздесіп, халықтың жағдайын білуге де мүмкіндік туды.

Одан соң Алик Серікұлы өндіріс орнына барып, жұмысшылармен кездесті. Өзен кенорындағы мұнайшылардың олардың әлеуметтік жағдайларын өздерінен естіді. Жұмыс сапары барысында басқарма төрағасына Жаңаөзен қаласының ақсақалдарымен жүздесіп, халықтың жағдайын білуге де мүмкіндік туды.





БІЛГІРЛЕР БӘСЕКЕСІ

Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен «Брейн ринг» интеллектуалдық ойыны тартысты өтті. Ойында білім мен білік сынға түсті. Байлық білімде ғой. «Бай – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген, шіркін, білімді болғанға не жетсін!

Білімнің ешкім сенен тартып ала алмайтын ең мықты қаруың. «Бір жылдығын ойлаған дән егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді. Мың жылдығын ойлаған ұрпағына білім-нәрін егеді» – деп қазақ бекер айтпаған.

Ойында потенциалының мықтылығымен көзге түсіп, қиын да қызық сұрақтарға дұрыс жауап берген командалар жүлделі орындарды жеңіп алды. №1 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы командасы бас жүлдені иеленіп, айды аспанға бір-ақ шығарды. Осы команданың белді ойыншысы Сайын Әбішев «үздік ойыншы» атанды.

1-орын №4 МГӨБ, 2-орын ТТБ, 3-орын №1 МГӨБ командасына бұйырды. Ойынның үздігі атанған Сайын Әбішев «Мен мектепте «Вокруг света» деген журнал жаздыртып алатын едім. «Ғажайып алаң», «Не? Қайда? Қашан?», «Миллион кімге бұйырады?» танымдық бағдарламаларын үзбей көремін» – дейді.



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ «АТАМЕКЕН» МЕЙРАМХАНАСЫНА МЕРЕКЕЛІК ДАСТАРХАН ЖАЙЫП, 250 ЗЕЙНЕТКЕРДІ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ ІЛГЕРІЛЕУ ЖОЛЫНДА МАҢДАЙ ТЕРІН ТӨГІП ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН 19 МҰНАЙШЫНЫ ҚҰРМЕТ ДЕМАЛЫСЫНА САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ.

Мерекеге аппарат жетекшісі Бауыржан Сайлаубайұлы мен кәсіподақ төрағасы Наурыз Өзбекұлы қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, компания атынан қадірлі жандарға риясыз алғыстарын білдірді.

Шара ұйымдастырушысы Әлеуметтік әкімшілік департаментінің жетекшісі маманы Лаура Нұрланқызы «Ондаған жылдар бойы тынбай еңбек етіп, еңбегінің жемісін теруге құрмет демалысына кетіп бара жатқан ағаларымыз бен апаларымызды қимастық сезіммен шығарып салдық. Оларға бас директор Жәнібек Қайырбекұлының Алғыс хаты мен 75 мың теңгелік сертификат тапсырылды. «Дүние-кезек». Өзімізді құрметтесін десек, өзгелерді құрметтеп үйренуіміз керек»-деді.

Мерекеде шырқалған ән мен домбырадан төгілген күй қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



Ақтау қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты жиында БІРҚАТАР АЗАМАТ «ЖОМАРТ ЖҮРЕК» СЫЙЛЫҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. МАРАПАТТАЛУШЫЛАР ІШІНДЕ ҚҰРЫЛҒАНЫНА ЕКІ-АҚ ЖЫЛ БОЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, КӨПТЕГЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН АТҚАРҒАН ЖАҢАӨЗЕН ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, №3 МГӨБ ЖҰМЫСКЕРІ, ЖАС МАМАН СӘНІМ МҰРАТОВА ДА БАР. ОЛ «ЕРЕН ЕРІКТІЛІК» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША МАРАПАТТАЛЫП, ОБЛЫС ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВТЫҢ АЛҒЫС ХАТЫНА ИЕ БОЛДЫ. АЛҒЫС ХАТТЫ ОЛИМПИАДАНЫҢ БОКСТАН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ ӘДІЛБЕК НИЯЗЫМБЕТОВ ТАПСЫРДЫ.

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ



Жаңаөзен қайырымды жандар тобы жинаған 19 миллион теңгеге 8 адамға ота жасалды. Бұдан бөлек мұқтаж жандарға үздіксіз көмек көрсетіліп келеді. «Бізге үнемі қолдау көрсететін мұнайшыларға, жағдайы нашар отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға жаңа жылдық сыйлық берген Әлеуметтік-әкімшілік департаменті директоры Тарас Алеуединовке, мерекеде 300 балаға ойыншық алып берген Кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағановқа, Спартакиададан жеңіп алған жалпы командалық қаржылай жүлдені қайырымдылық шотына аударған №3 МГӨБ спортшыларына Алланың нұры жаусын. Адамның дүниеге келгендегі негізгі мақсаты - бір-біріне қызмет ету, жақсылық жасау, бірін-бірі демеу. Бұл маған берілген марапат емес, Жаңаөзен қайырымды жандар тобына берілген марапат деп білемін» – деді Сәнім Мұратова.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылдың 5 қазан күні Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады. Ол бұл жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін нақты көрсетті. Жыл сайын түрлі бағытты қамтып, оның жүзеге асырылуы арқылы ел экономикасының жақсарып, мемлекеттің қуат-күшінің артып келе жатқаны анық. Жолауды «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымы арасында да насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бауыржан Мамбетсапаев – Аппарат жетекшісі:

Елбасы өз Жолдауын «Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына және оның аймақтағы геосаяси рөлінің күшеюіне қол жеткіздік» деп бастады. Шындығында да, біз тәуелсіздігі тұғырына қонған, экономикалық ахуалы дамушы елдердің ешбірінен кем түспейтін қуатты мемлекетке айналдық. Осы Жолдауында да Президент бірқатар тапсырманы айқындап берді. Өндіріс қарқынын бәсеңдетпеу әлеуметтік саланың тамырына қан жүгіртетіні анық. Негізгі басымдық халықтың әл-ауқатын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік саланы қолдау мәселелеріне арналды. Әсіресе, экономиканың негізгі қозғаушы күші саналатын шағын және орта бизнестің бүгінгі дамуына тоқталып, оны ары қарай жандандырудың негізі жолдарын айқындады.

«Бизнестің жол картасы» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзартуды ұсынды. «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы 2010 жылдан бері жүзеге асып келеді. Менің өңірлерге барған іссапарларымда осы бағдарламаның тиімді жүргізіліп жатқанына көзім жетті. Сондықтан оны 2025 жылға дейін созу қажет. Оған жыл сайын мемлекеттен қосымша 30 миллиард теңге бөлінуі тиіс», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Сондай-ақ Елбасы келер жылды «Жастар жылы» деп белгіледі. Келер жылы компаниямызға да 55 жыл толады. Соған байланысты жастарды жан-жақты қолдау үшін, олардың білімін көтеріп, тәжірибесін арттыру үшін Жаңаөзендегі түрлі салада қызмет етіп жүрген жас мамандарды оқытуға мүмкіндік беруді жоспарлап отырмыз. Жалпы Жолдауда артылған жүкті бірге арқалап, биік белестерге құлаш сермей беруіміз керек.

Роза Тастанқызы – Транспорттық технология басқармасының әлеуметтік әкімшілік қамту бөлімінің бастығы

Жолдау әлеуметтік сала үшін нақты қолдау болды. Президент Жолдауда «Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері әрбір қазақстандық отбасына қатысты» деді. Халқымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған шаралардың барлығы халықтың қолдауына ие болады деп ойлаймын.

Әнуар Талдыбаев – Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасының директоры

Елбасы жолдауында маңызды тапсырмаларды алға қойды. Оның ішінде тұрғын-үй шаруашылығы, бизнес бойынша да бірқатар міндеттерді белгілеп берді. Оған қоса ғалым да, мұнайшы да мұғалімнің алдынан шығады. Осы тұрғыда педагогтардың мәртебесін көтеру туралы заң қабылдауды айтқан көңілге өте қонымды болды. Халықтың көптен көкейінде жүрген мәселе деп білемін. Мұғалім мәртебесінің артып, бюджеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақысының көтерілетіні - қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуіне бастайтын бірден бір қадам деп есептедік. Сонымен қатар Президент халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында тауарлар мен қызмет көрсетуді қадағалайтын арнайы комитет құруды ұсынды. Қазақстан азаматтары сапалы тағам ішіп, тауар тұтынып, табысты болса, мемлекеттің құлдырауына негіз жоқ деп білемін. Жолдауда Елбасының «Бүгінде жаһандық және жергілікті проблемалар тоғыса түсуде. Мұндай жағдайда сын-қатерлерге төтеп берудің және мемлекеттің табысқа жетуінің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі болып отыр» дегені де осы шығар.

Ерлан Жұматов – жас маман

Елбасының «Бес әлеуметтік бастамасының» аясында жүзеге асқалы отырған 7-20-25 бағдарламасы өңірлерде жас отбасыларды тұрғын үймен қамтуға бағытталған. Алғашқы жарнаға мемлекет, бюджет тарапынан субсидия беру жастарымыз үшін аса қажетті бағдарлама. Оған қоса Жолдауда Елбасының «2019 жыл – Жастары жылы» деп жариялауды ұсынғаны жастарға үлкен қуаныш сыйлағаны анық. Қай бағытқа көбірек көңіл аударылса, сол бағыттың қарқыны да жоғары болары сөзсіз.

Президент қашанда жастар мәселесін ешқашан бөлек қалдырған емес. Елдің келешегі, Елбасының ауқымды стратегиялық межелерін, мақсаттарын іске асыратын да - жастар. Біздің облыс жастарының, оның ішінде компаниямыздағы жастардың потенциалы өте жоғары. Келер жыл еліміз үшін, жастар үшін дамудың даңғыл жолы болады деп сенуге болады.



ЭНЕРГЕТИКА – ӨНДІРІС ӨЗЕГІ



1964 жылы 15 шілдеде Өзен мұнай-газ өндіру басқармасы құрылып, оның алғашқы басшылығына белгілі мұнайшы РАХМЕТ ӨТЕСІНОВ тағайындалды. Ал жаңадан құрылған ұжымның бас энергетигі ЛАУ-АЗЫМЫНА ӨЛКЕМІЗДІҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ НҰРЛЫХАН БЕКБОСЫНОВ БЕКІТІЛДІ.

Н. Бекбосыновтың жетекшілігімен Өзен кенорнын энергиямен қамту жұмыстары өте қарқынды түрде іске асты. Осы мақсатта Электр қондырғыларына қызмет көрсету цехі ашылып, цех басшысы болып Тілектес Жұмаев, ал желілік аудандардың шеберлері қызметін Д.Бекимов, Ж.Самарханов секілді білікті мамандар атқарды.

Алайда кенорын аумағының ұлғаюына байланысты жалғыз түйір цех техникалық тұрғыда жұмыс көлемін түгелдей атқаруға қауқарсыз болды. Өсіресе электр жүйелерінде ұңғымалардың мөлшерден тыс шоғырлануы мұнай өндіруде өзіндік қиындық тудырды. Әрбір әуе желісі 12-14 ұңғымаға қызмет етуі тиіс болса, бұл көрсеткіш 40-50 ұңғымаға дейін өсіп кетті. Сонымен қатар сол жылдары жер қабатына ыстық су айдау технологиясы енгізілді. Бұл технология орасан зор электр қуатын талап етті.

Өзен кенорнын тұрақты әрі сапалы электр қуатымен қамтамасыз етіп, бұл жұмыстарды үйлестіру үшін орталықтандырылған, қуатты өндірістік базасы бар арнайы энергетикалық басқарма құру қажеттілігі туындады. Заманның осындай талабынан соң сол кездегі «Маңғышлақнефть» өндірістік бірлестігі басшылығының шешімімен 1980 жылы 6 қарашада Өзенэнергомұнай басқармасы құрылды.

Басқарма директоры болып Дәрмен Бекимов тағайындалды.

Уақыт бір орында тұрмайды. Әрбір кезеңнің алдымызға қойған өзіндік міндеті бар. Өндірісті сапалы электр қуатымен қамту мақсатында осы саладағы жұмыстарды жүйелендіру, жаңа технологияларды енгізу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді.

Мұнай өндірудегі технологиялық процестерді ұзақ мерзімді тоқтатылудан қорғау және үздіксіз энергиямен қамту үшін қазіргі таңда кернеуі 35, 110кВ қосалқы 3 станцияға тез қосылатын автоматты кіріс резерві (БАВР) құрылғысын іске қосудамыз. Келесі жылы дәл осындай 3 қосалқы станция автоматты кіріс резерві құрылғысымен қамтылады.

Барлық тарату тораптарында, жабық тарату қондырғыларында, қосалқы станцияларда механикалық реле құрылғыларын микропроцессорлық реле құрылғыларына, майлы ажыратқыштар вакуумды ажыратқыштарға ауыстырылды. Сонымен қатар кернеуі 6кВ әуе желілерінің А, АС маркалы сымдары СИП маркалы сымдарға ауыстырылуда. Мұнан өзге де заманауи техника енгізу, тиімді басқаруды оңтайландыру мақсатында сан салалы жұмыстар жүзеге асып жатыр.

Қазіргі таңда басқармамызда 430 адам қызмет етеді. Сонымен қатар мекеме құрамында №1 Өндірістік-энергетикалық қызмет, №2 Өндірістік-энергетикалық қызмет, №3 Өндірістік-энергетикалық қызмет, Өндірістік-энергетикалық қосалқы станциялар қызметі деген атпен ірі төрт бөлімше жұмыс істеп жатыр.

Мекеменің жетістікпен өрнектелген шежірелі тарихы мен жасампаздыққа толы бүгінгі қолдан жасаған, әрине, білікті

мамандар. Мекемемізді алғашқы күнінен қазірге дейін басқарған Д.Бекимов, С.Есбосынов, Е.Шонтыбаев, К.Биманов, Б.Өтебаев, Қ.Бигалиев, Н.Өтемісов, Қ.Жайылғанов секілді іскер жетекшілер жылдардың асау толқынында іргелі ұжымды ынтымақта ұстады, іргесін бүтіндеді, ырысын тасытты. Осы ағалардың салған жолын жалғастырып, басқарманың абыройын асқақтату мен үшін басты бағыт және міндет деп білемін.

Бізбен ұзақ жылдар бойы үзеңгілес еңбек етіп, зейнетке шыққан Ө.Күзембаев, Р.Тілеуов, И.Пасиров, Р.Қонарбаева, Б.Бабақұлова, Б.Көңілов, Ү.Сарин, Ө.Боранбаев, Ж.Мусанғалиев, Е.Сисенова, О.Әбішаев, Е.Қаңтаров, Ж.Сақтағанов, С.Шубаев, О.Еділов, Ы.Олжабаев, С.Қыдырғалиев секілді аға-апаларымыздың ұстаздық еткен үлгісі мен сіңірген еңбектері қашанда құрмет төрінде. Ұрпақтар сабақтастығы өз желісін үзбей, алдыңғы буынмен қанаттас жұмыс істеп, бүгінде ұжымға сыйлы болып жүрген Ж.Әбішаев, М.Тартубаев, Ө.Жұмабаев, Т.Исаев, З.Дауылбаева, Ж.Ерленова, секілді еңбеккерлерді мақтан тұтамыз. Техникалық шешімдер шығаруда құнды пікір, терең ойларымен танылған Қ.Қарашаев, Қ.Ермағамбетов, О.Мадреймов, Ж.Алқуатов, А.Дәулеткереева, И.Тұнықбаев, Я.Айзахов тәрізді мамандарға ұжым арқа сүйейді. Табысқа табыс, ырысқа үлес қосып жүрген Т.Қасмағамбетов, С.Ерленов, Н.Бекжанов, А.Маденов, З.Бердиевтей азаматтардың адал қызметі мен абыройлы істерін ұжымға үлгі етеміз.

Басқармада еңбек жағдайын жақсарту – басты назарымызда. Әлеуметтік саладағы жұмыстарды жүйелендіру, мейлінше жұмысшыға жақсы жағдай жасау ешқашан күн тәртібінен түсіп көрген емес. Осы жылы №8 Өндірістік-технологиялық учаске, №11 Өндірістік-технологиялық учаске және №1,3 Қабат қысымын сақтау цехтарының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету учаскесі мамандары үшін 54 орындық әкімшілік-шаруашылық кешен пайдалануға берілді.

Алдымыздағы жылдары №6 Өндірістік-технологиялық учаске және №2,4 Қабат қысымын сақтау цехтарының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету учаскесі қызметкерлері үшін әкімшілік-шаруашылық кешен салуға жұмыстанып жатырмыз.

Энергетика аса қауіпті сала болғандықтан екінің бірі, егіздің сыңары жұмыс істей алмайды. Ұқыптылық пен тиянақтылық, тәртіп пен ауызбірлік біздің салада аса маңызды. Осы ретте техника қауіпсіздігін сақтай отырып, еңбек ету – басты талабымыздың бірі болып отыр.

2016 жылдың аяғында «Лото» блоктау құрылғысы өндіріске енгізілді. Қауіпсіздік жүйесін дамытуға арналған бұл құрылғының іске қосылуы жұмыс барысындағы тәуекелдерді біршама төмендетті. Еңбек барысындағы іс-қимылдарды бақылау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Басқарма ұжымы мәдени-қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Мәселен, «Өзенэнергомұнай» жайдарман тобы «Өзенмұнайгаз» АҚ деңгейіндегі жайдарман ойындарының бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Спорт саласы бойынша абырой туын қолдан түсірмей келе жатырған А.Рублев, А.Тұрсынбаева, Б.Ізімбергенов секілді азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

Қорыта айтқанда, Өзенэнергомұнай басқармасы - Өзен кенорнын игеруде маңызы ерекше, орны алабыттен, атқарар қызметі артықша мекеме. Алдымызға қойылған міндет пен өндірістің күнделікті мың түрлі шаруасын шашау шығармай ұйымдастырып, бірлігі бекем ұжыммен еңбек ете береміз деп сенемін.

22 желтоқсан – Энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Осы мереке қарсаңында ұжымдастарымды, бізбен қанаттас еңбек етіп жүрген әріптестерді кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Деніміз сау, табысымыз тасып, берекеміз артып, биіктерді бағындырып, бірлікпен еңбек ете беруді тілеймін.

Болатбек РАХМЕДОВ,
«Өзенэнергомұнай» басқармасының директоры.

КӘСІПОДАҚ – МЕКЕМЕ ҚАНАТЫ



«ӨЗЕНЭНЕРГОМҰНАЙ» БАСҚАРМАСЫ ҚҰРЫЛҒАЛЫ 40 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ УАҚЫТ ӨТТІ. ОСЫ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА БАСҚАРМАНЫҢ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ МЕКЕМЕНІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕ ТЫҒЫЗ АРАЛАСЫП, ЕҢБЕК ҰЖЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ, ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫН ШЕШУМЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕДІ.

Басқарма құрылған 1980 жылдан бері қарай жұмысшыға арқа сүйеу болып, мекеменің өсіп-өркендеу жолында кәсіподақ жетекшілігінде жұмыс істеген Т.Гарифуллина, А.Сарбуфин, А.Шваб, Р.Тілеуов, Д.Нұрмұхаммедова, Н.Ратова, А.Қосқұлақов, М.Қаржаубаев секілді азаматтардың еңбегі ұшан-теңіз.

2017-2019 жылдарға арналған Ұжымдық шартты талқылау, қабылдау барысында кәсіподақ төрағасы ретінде мекемемізде қызмет істейтін азаматтардың мүддесін қорғауда жұмыс істедік. Сондай-ақ «Өзенэнергомұнай» басқармасында осы жылы пайдалануға берілген 54 орындық әкімшілік-шаруашылық кешенін салдыруда кәсіподақ ұйымы іске бастамашы болып, үлкен рөл атқарды. Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне қосымша өзгеріс енгізуде жұмыстар атқарылды. Басқармаішілік бірнеше комиссияларға мүше бола отырып, еңбекті қорғау, әлеуметтік сұрақтар бойынша ірілі-ұсақты оң шешімдер жүзеге асуда.

Өзенэнергомұнай басқармасы – білікті мамандары қалыптасқан, Өзен кенорнын игеруде өзіндік орны бар мекеме. Маңызды мекемеде еңбек етіп жүрген әрбір маманның мұнай өндіруге қосып жатырған еңбегі айырықша деп есептеймін.

Мекеменің қалыптасуын қолымен жасаған зейнеткер аға-апаларымыздың тағылымды тәрбиесі мен өнегелі үлгісін бойларына сіңірген «Өзенэнергомұнай» басқармасы мамандары талап үдесінен шығып, абыройлы еңбек ете береді деп сенемін.

22 желтоқсан – Энергетика саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай барлық әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын. Отбасымыз аман, көңіліміз шат, жұмысымыз жемісті болсын! Мереке құтты болсын!

Сырлыбай ЕРЛЕНОВ,
«Өзенэнергомұнай» басқармасы
кәсіподақ ұйымының төрағасы





ЭЛЕКТР ҚУАТЫНСЫЗ ӨМІР ЖОҚ

1983 жылы техникумды техник-электрик мамандығы бойынша аяқтап, Өзенэнергомұнай басқармасына жұмысқа кірдім. Бастапқы жылдары сым ораушы, кейінен шебер лауазымында жұмыс істедім. Мұнан соң электромонтер қызметінде еңбек етіп келемін. Теориялық білім басқа да, нақты практикалық жұмыс адамның білімін толықтырады, кәсіби тұрғыда жетілдіреді. Қай-қай маман болмасын, жұмысқа кіргенде көрген-білгенін үйрететін ұстазы болады. Сол секілді мен де Роза Қонарбаева, Ермек Сисенова секілді ұстаздардың тәлімін көрдім.

Үнемі сол жылдарды сағынышпен еске аламын. Ол кезде ұжымдастар бір үйдің баласындай қатар жүретін. Жұмыс көп болып, кеш шыққан күндері біріміздің үйімізге барып, кешкі асты сол үйден іше саламыз. Адамдардың өзара қарым-қатынасы, пейілі бөлек еді. Энергетика адам өміріне өте қауіпті сала ғой. Бірақ біз сол кездерде қауіпті жерде жұмыс істеп жүр екенбіз деп өз-өзіңнен елегізіп қорқып, тұнжырап жүруді білмейтінбіз.

Электр қуатынсыз өмір жоқ. Өндірісті айтпағанда күнделікті өмірді электр қуатымен істейтін теледидарсыз, телефонсыз, басқа да тұрмыстық техникаларсыз елестету мүмкін емес. Қорыта айтқанда, электр қуаты – адамзат дамуының сүйреуші локомативі.

Адамзат дамуының алғы шартына айналған салада еңбек етіп жүрген барлық әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын. Талап тасысын, ұжымнан ауызбірлік кетпесін, несібеміз ортаймасын!

Зина ДАУЫЛБАЕВА
«Өзенэнергомұнай» басқармасы, №1 ӨЭҚ қызметкері.

САНАУЫ ӨМІРІМ ОСЫ САЛАҒА АРНАЛДЫ

1979 жылы Қазақ Политехникалық институтын сырттай бітіріп, Өзендегі жұмысымды 1980 жылы қазіргі Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасында бастадым. 1982 жылы ішкі ауысумен Өзенэнергомұнай басқармасына қызмет ауыстырдым.

Релелік қорғаныс бойынша электромонтер қызметінен бастап өндірісті электр энергиясымен қамту жұмыстары бойынша көптеген қызметтерде істедім.

Ол уақыттары энергетика саласында қазақ ұлтынан мамандар өте аз болды. Сол себепті намысқа тырысып, жұмысымызды тиянақты, сөз келмейтіндей қылып жасауға тырыстық.

Еңбек жолымдағы өткен жылдарға көз салсам, қазір сол кездері өте қиын болған екен-ау деп ойлаймын. Еңбек жағдайын жасау екібастан жоқ. Арнайы киім мекеме тарапынан берілмейді. Үйдегі көнетоз киімдерімізді киіп, жұмыс істейміз. Кілт-қашақтардың бірі болса, бірі жоқ. Барының өзі жұмысқа қолайсыз, әбден ескірген дүниелер болатын.

Жұмыс уақытында 1 рубльге асханадан тамақ ішуші едік. Энергетиктерді тиісті арнайы техникалармен қамту, жұмыс уақытын сақтау деген болмады. Әуе желілеріндегі сымдар алюминий, ал, Маңғыстауда екі күннің бірінде жел. Содан желге желі үзіліп, бір қарбалас басталады. Көліктің жоқтығынан бірнеше шақырымға созылатын әуе желісінің ақауын жаяу жүріп жөндейміз. Жұмыс уақыты аяқталған соң көшке қалып істейміз, өндіріс басында 2-3 күндеп жатып істейтін уақыттарымыз жиі болатын. Артық жұмыс істегеніңе ақы сұрау немесе демалыс алу дейтінді білмейміз.

Қазір кейде ойлаймын «баяғы Кеңес заманында аңсап жүрген коммунизм дегеніміз бүгінгі күндер емес пе екен?» деп. Өйткені бірен-саран жерлер болмаса қазір жұмыскерлер жарқыраған жақсы ғимараттарда отыр. Жазда салқын, қыста жылудан проблема жоқ. Арнайы киім, тамақ мекемеден беріледі. Артық істеген сағатың үшін ақы төленеді. Арнайы техникадан таршылық жоқ. Чемодан секілді кілттердің жиынтық қорабын көтеріп, жұмысқа бара жатқан жас жігіттерге іштей қызығып қараймын.

Мекемеміз ашылған жылдары Дәрмен Бекимов деген азамат басшылық жасады. Өте жақсы басшы болды. Қайырым, көмегін көп көрдім. 1988 жылы тоғызқұмалақ сайысынан облыстық жарысқа командамызбен баруға көмектесіп, мен сол жылы облыс чемпионы болдым. Мекемедегі жігіттерді тоғызқұмалаққа баулыдым. Бірақ тоғыз құмалақтың тақтасы жоқ еді. Көрінген жерді сызып, сол жерде ойнаймыз. Бір күні «Дөке, Оңтүстік Қазақстанда Кентау деген қалада тоғызқұмалақтың тақтасы шығарылады екен» деп Д.Бекимовке айттым. Сөзге келген жоқ таныстарын араға салып, 10 дана тоғызқұмалақ тақтасын алып берді. Қарық болдық. Тоғызқұмалақтан Атырауда өтетін республикалық чемпионатқа мекемеміздің тоғызқұмалақшыларын жіберді. Ол бір тоқырау кездері еді. Елде ақша жоқ. «Шарайна» деген мекеменің бастығы Ыбырайым Құдайбергенов деген азаматтан жеке өз атынан қарызға ақша алып, бізді жарысқа жіберді.

Менің өмірім «Өзенэнергомұнай» мекемесінде өтіп келеді. Талай-талай асыл азаматтармен жұмыстас болдым, қазір де небір жақсы жігіттермен осы кәсіптің дөңгелегін айналдырып келе жатырмын. Ішінде жүрген соң білемін. Бұл іспен айналысу кез-келген кісінің қолынан келе қоймайды.

Энергетиктер мерекесімен ұжымдастарымды құттықтаймын. Аспанымыз ашық, мұнайымыз көп, қарнымыз тоқ болсын! Басымыздан береке кетпесін, бірлік таймасын!

Зорбай БЕРДИЕВ,
«Өзенэнергомұнай» басқармасы, №14 ӨТУ бастығы.

АДАМ ТАҒДЫРЫМЕН ҚОСА ТУАДЫ

1976 жылы қыркүйек айында кешкі техникумды оқи жүріп, Өзен мұнай-газ өндіру басқармасының электр қуатымен қамту цехіне электромонтер болып жұмысқа кірдім. Басшымыз Роза Қонарбаева еді. Ол уақытта УТТ-1 мекемесінің қасында орналасқан ғимаратта жұмыс істедік. Ұстазым Қонысбай Отаров деген азамат еді.

Кеңес заманында Өзенэнергомұнай басқармасы тек өндіріске ғана емес, қаладағы балабақшалардың, асханалардың электр энергиясымен қамтылуына жауапты болды. Өндіріспен қатар, міне, осындай әлеуметтік маңызы бар нысандардың жұмысын істедік. Ш.Батқанбаев, В.Малцев деген басшылармен қазіргі №3 Мұнай газ өндіру цехінің аумағында да көп жылдар жұмыс істедім.

Менің еңбек жолым Өзенэнергомұнай басқармасында басталды. Жылдардың жалына жабысып еңбек етіп келе жатырғанымға биыл 42 жыл болды. Ешқайда қызмет ауыстырған жоқпын. Жұмыс жолым басталғалы тек бір мекемеде істеп келе жатырған санаулы адамдардың бірімін. Ал Өзенэнергомұнай басқармасы бойынша ең ұзақ еңбек етілі де менде. Тоқсаныншы жылдардың тоқырауында жұмыстан шығып, көп жігіттер базар жағалап, саудамен кетті. Азға қанағат, барға шүкір деп ешқайда қозғалмай жұмыс істей бердік.

Еңбегім бағалаусыз болған жоқ. «ҚазМұнайГаз», «Өзенмұнайгаз» секілді үлкен мекемелердің марапаттарын алдым. Ал 2001 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойына орай Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың алғыс хатымен марапатталдым.

Адам тағдырымен қоса туады. Өмір бойы кілт-қашағымды арқалап, электромонтер болып келемін. Адал нәпақамен бала-шағамды асырадым. Басшы болам, бай болам деп ұмтылғаным жоқ. Көппен бірге берекелі өмір сүріп келе жатырмын. Аллаға шүкір!

Энергетиктер мерекесімен барша әріптестерімді құттықтаймын. Барлығыңызға ұзақ өмір, зор денсаулық, мол бақыт тілеймін. Мереке құтты болсын!

Жұмабек ӘБІШАЕВ,
«Өзенэнергомұнай» басқармасы, №1 ӨЭҚ электромонтері.



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ



Сөзінен ісі мығым Еңбекқор Жан

Еңбекқор Жұлдыз

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында 1999 жылдан бері жұмыс жасап жүрген Жұлдыз Мұханбетқалиқызы не істесе де шын ниетімен істейді. Жұмыс барысында аянбай еңбек етуден ешқашан қашпайтын Жұлдызды әріптестері қатты құрметтейді. Ол №2 МГӨБ сапа жөніндегі инженері болып жұмыс жасап жүріп, өзінің білімділігі мен біліктілігі арқасында көзге түсіп, жұмыста табысқа жету үшін ең бастысы ынта екендігін дәлелдеді.

Мерейді өсірген марапаттары

Тәуелсіздік мерекесіне орай Өзен кенорнына қосқан үлесі үшін Құрмет грамотасымен, «Нұр Отан» партиясының жұмысына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен, Жаңаөзен қаласының дамуына қосқан үлесі үшін қаланың 50 жылдық мерейтойына арналған төсбелгімен марапатталды. Қалалық әкімшілік шығарған мерейтойлық энциклопедияға енді. Еңбектің еленуі адамға жігер беріп, алға қарай ұмтылдырады.

Өмірлік ұстанымы

Бақытты өмір сүру, қоғамға пайдалы болу. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Бірақ әркімнің белсенділігі әртүрлі. Жұмыс десе жанын салатын Жұлдыз ешбір жұмыс тындырмас, шөптің басын сындырмас адамдарға таң қалады.

Бақыт туралы түсінігі

Әр адамда бақыт туралы өзінің көзқарасы болады. Тамақ таба алмай жүрген адамға «бақыт» - ол қарнының тойғаны... Жұлдыз үшін бақыт отбасының амандығы, немерелердің күлкісі. «Адамның ең үлкен байлығы – отбасы. Ал немере баққаның – болашаққа жасаған инвестиция»-деп күледі әріптес.

Хоббиі

Әрбір адамның аңсары ауып, жаны құмартатын ермегі болады. Жұлдыз қолы бос кезінде кесте тігеді. Кесте тігу адамның жүйкесін тыныштандырып, қиялын дамытады. Ғалымдардың дәлелі бойынша кесте тігу кезінде адамның екі қолы қимылдағанымен қоса бас миының жартышарлары бірге жұмыс істеп, адам тыныштық күйде болады. Ол Жұлдызды жабырқаудан арылтып, шаршағанын басады. Хоббиін дұрыс таңдаған жанның рахаты қасында.

Өзі туралы

«Жас кезімнен тәртіптің адамымын. Өмір күннен күнге өзгеріске түсіп жатыр. 21 ғасыр білім мен интеллект ғасыры болғандықтан, өзімді жетілдіруге, дамытуға, жан-жақты болуға уақыт бөлемін» дейді ол.

Тамақтану құпиясы

«Қарынның үштен бір бөлігі ғана тамаққа, бір бөлігі су, қалғаны ауаға арналған»-дейді Мұхаммед (с.а.у). «Дұрыс тамақтануға көштім. Жеміс-жидек, көкөніс, су. Аурудың астан екенін көңіліме түйіп алдым» - Жұлдыз.

Әріптес пікірі

«Жұлдыз Мұханбетқалиқызы қолына тиген шаруаны дөңгелетіп әкетеді. Ол өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіне отырып, жұмысын сауатты жүргізеді. Мол тәжірибе жинақтаған, жоғары білікті маман. Компанияның дамуы Жұлдыз сияқты қарапайым қызметкерлердің ерен еңбегінің нәтижесі»-дейді Бағила Қадырова.

Түйін

Жұлдыз Омар Хайямды сүйіп оқиды. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады...» - дейді хакім Абай. Жұлдыз көктем мезгілін ұнатады. Көктемде жер түгі түлеп, әлем құлпырады. Жаны сұлу адам әсемдікке құштар келеді.



АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ

1

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ

2

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заклучите договор с Брокером (АО «Казпошта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета

3

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпошта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций

4

Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

5

Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды биржаның намайындайрылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

6

Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Өтінішті қабылдауды брокер 2019 жылы 31 қаңтарда сағат 17.00-де, трансфер-агент 2019 жылы 30 қаңтарда аяқтайды.

Мамандандырылған сауда-саттықтар (биржаның намайындайрылған сауда-саттықтарында) (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Спецторги (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Финальная дата приема заявок брокером - 31 января 2019 г. 17:00 ч. (трансфер-агентом - 30 января 2019 г.)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ байланыс деректері:

- Алматы қ. Абай к.с. 6, 8 (7122) 95-49-93
- Байқұмар к.с. 70А, 8 (7122) 95-49-49
- Алашқол 3 а.а., 49-8 (7122) 21-30-02
- Құрсауы, Мамайбет р.а. 23, 8 (7122) 5-17-38
- Мамат, Мұрашев к.с. 19, 8 (7122) 5-17-18
- Досор, Сүлейменов к.с. 1, 8 (7122) 2-19-81
- Ақтау, 8 а.а., 20, 8 (7122) 20-35-46
- Жаңаөзен қ. Шығарм. ш.а., 44Б, 8 (7293) 7-17-90

Барлық сұрастар бойынша Қазпошта, Биржаның байланыс хабарлысына 1499

Тіркелуші – «Бағалы қағаздардың біріншілік тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ. Иманов к.с. 13, 101 немесе 8 (7122) 47-61-88, 8 (7122) 47-61-89
- Алматы қ. Бостандық ауданы, Сапиев к.с. 30 А/2, тел. 8 (727) 272-47-40, факс 8 (727) 272-47-40, ішкі 230

Алматы қ. Байқұмар к.с. 70А, 8 (7122) 95-49-49- Астана қ. Иманов к.с. 13, 101 немесе 8 (7122) 47-61-88, 8 (7122) 47-61-89
- Алматы қ. Бостандық ауданы, Сапиев к.с. 30 А/2, тел. 8 (727) 272-47-40, факс 8 (727) 272-47-40, ішкі 230

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпошты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- г. Алматы, ул. Абай, 6, 8 (7122) 95-49-93
- ул. Байқұмар, 70А, 8 (7122) 95-49-49
- Алашқол 3 мкр., 49-8 (7122) 21-30-02
- г. Құрсауы, пр. Мамайбет, 23, 8 (7122) 5-17-38
- г. Мамат, ул. Мұрашев, 19, 8 (7122) 5-17-18
- г. Доссор, ул. Сүлейменов, 1, 8 (7122) 2-19-81
- г. Ақтау, 8 мкр., 20, 8 (7122) 20-35-46
- г. Жаңаөзен, мкр. Шығарм., 44Б, 8 (7293) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпошты 1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- г. Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7122) 47-61-88, 8 (7122) 47-61-89
- г. Алматы: Бостандықский р-н, ул. Сапиева, 30А/2, тел. 8 (727) 272-47-40, факс 8 (727) 272-47-40, иш. 230

Контакты в г. Алматы: ул. Байқұмар, 70А, 8 (7122) 95-49-49- Контакты в г. Жаңаөзен: ул. К. Сапиева, 30А, 8 (7293) 46-34-01



Әрі МАМАН, Әрі СПОРТШЫ, Әрі ӘРТИСТ...



№2 Мұнай-газ өндіру басқармасында 30 жылдан бері абыройлы еңбек етіп келе жатқан Күнсұлу Сәрсенова ұжымына сыйлы жан. Бүгінде ол №3 Мұнай-газ өндіру цехында үйлестіруші болып жұмыс жасайды. Бес ондықты ауыздықтап мініп тұрған әріптесіміз спортты жақсы көреді. Күні кеше «Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына орай өткізілген марафонға қатысып, қала әкімі Әділбек Құлынтайұлының Алғыс хатына ие болды.

Әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімінің бастығы Мұрат Изенов «Күнсұлу жұмысына өте ұқыпты. Қоғамдық жұмыстарда белсенді. Жүгір десең жүгіреді, көрініске қатыс десең қатысады. Бір сөзбен айтқанда, энергиясы көп, өртістік қабілеті бар, қолынан да, тілінен де келетін белсенді жан» – дейді.

«Жүгіру мен үшін тыныс ашу, күш сақтау, төзімге үйрену, бабыма келу болды. Басқарма абыройы үшін кез келген шараға қатысуды өзімнің борышым деп санаймын. Кей кездері жұмыс бабында өзара сөзге де келісіп қаламыз. Тіліміздің ащылығы бар. Дегенмен «үлкендерді сыйлап, кішілерді сыйпап» дегендей түсінісіп жұмыс жасауға тырысамын. Сыпайы қарым-қатынасты біздің өміріміздегі басты құндылық деп есептеймін. Қазақта «үлкеннен өнеге кетсе, кішіден кісілік кетеді»-деген нақыл бар. Қал-қадірімше сөзіммен де, ісіммен де жастарға үлгі болуға тырысып жүрмін. Жұмысыма келетін болсам, кәсібім өзіме қатты ұнайды. Үйлестіруші өнімі түсіп кеткен скважинаны дер кезінде тиісті орындарға жеткізіп, дабыл қағып отыратын жан. Цехтың бүкіл көрсеткішінің ақпараты бізде болады. Бұл жұмысқа жанашыр адам ғана шыдайды. Ұнамайтын жұмыста 30 жыл жүру мүмкін емес қой. Бос уақытымда әлеуметтік желілерде отырамын. Бүгінде әлеуметтік желі қоғамдық сананы қалыптастырушы күшке айналды. Мен қоғамда болып жатқан жағдайларды біліп қана қоймай, пікірімді жазамын. Қоғамның дамуына, жақсаруға азаматтық үнімді қосамын» – дейді Күнсұлу Сәрсенова.

Жұмыскер жан басқарманың бұрынғы директоры Гайдар Қаналиев пен "ҚазМұнайГаз" БӨ" АҚ Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Тіршілік жақсарған сайын адамдар өз өміріне, денсаулығына мұқият қарай бастайды. Күнсұлу да еңбек демалысында еліміздің шипайларына барып демалып қайтады. «Небір шипажайларда болдым. Қатты ұнағаны өзіміздің «Кендірлі» демалыс орны болды. Емі де, тамағы да, ауасы да керемет»-дейді әріптесіміз.

Адал еңбекпен тапқан ақшаның ырысы, берекесі болатынын білетін Күнсұлу өмір сүрген әрбір күні үшін Аллаға алғыс айтады.

ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР 2019 жылдың 31 қаңтарына дейін айына екі рет жүргізілетін болады

**19.11.2018 –
29.11.2018**

арнаулы сауда-саттықта
артықшылықты акцияларды сатуға
клиенттік тапсырыстарды берудің
жетінші кезеңі

30.11.2018

есеп айырысудың жетінші күні

**04.12.2018 –
20.12.2018**

арнаулы сауда-саттықта
артықшылықты акцияларды сатуға
клиенттік тапсырыстарды берудің
сегізінші кезеңі

21.12.2018

есеп айырысудың сегізінші күні

**24.12.2018 –
10.01.2019**

арнаулы сауда-саттықта
артықшылықты акцияларды сатуға
клиенттік тапсырыстарды берудің
тоғызыншы кезеңі

11.01.2019

есеп айырысудың тоғызыншы күні

**14.01.2019 –
30.01.2019**

арнаулы сауда-саттықта
артықшылықты акцияларды сатуға
клиенттік тапсырыстарды берудің
оныншы кезеңі


31.01.2019

есеп айырысудың ақтық күні



**Қадірлі
Азынбай
Жәуітбайұлы!**

Өмір жолының асқаралы биігі – 60-тың шыңына шығып отырсыз. Сізді ұжымдастарыңыз еңбексүйгіш, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде таниды. Қиын да қызықты еңбек жолыңыздағы абырой-беделіңізді көпшілік біледі. Туған күніңіз қарсаңында Сізге ұзақ ғұмыр, мол табыс тілейміз.



**Құрметті
Аманберді
Юсупов!**

Сізді әр мұсылманның қадір тұтатын 63 жас – Пайғамбар жасына толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Абыройлы азаматтық бейнеңізге дақ түспей, тау тұлғаныз аласармай, өмір асуларынан аса беріңіз! Ұжымдастарыңыз сізді үлгі тұтады.

**Бұрғылау
жұмыстары
басқармасының
ұжымы.**



**Ардақты
Ислам
Меңдібайұлы!**

Келіп жеткен 60 жасыңыз құтты болсын! Өміріңіздің тағы бір жылы қуаныштар еселенетін және армандар орындалатын жыл болсын! Сізге зор денсаулық, шадыман шаттық, асқақ абырой тілейміз. Осындай қиын әрі қызық қызметіңіз Сізді биік белестерге жетелесін. Отбасыңыз аман болып, ұрпағыңызбен мың жасаңыз.

№2 МГӨБ ұжымы.



**Аяулы
Құнсұлу
Чакубқызы!**

Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Солардың ішінде еңселі 50 жастың орны ерекше. Сіз де осындай мерейлі жасқа толып отырсыз. Ортаңызға сыйлы, маңайыңызға абыройлы адамсыз! Шыққан биігіңіз аласармасын, еңбекте алда, отбасында бақытты болыңыз!

№2 МГӨБ ұжымы



**Қадірлі
Рахмет
Нармухамед!**

Сізді 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Ердің жасында азаматтық істерді атқарып, өткен өмір сабақтарынан жиған мол тәжірибеңізбен өндірістің тасын өрге домалата беріңіз. Еңбекте мол табыс, өмірде зор денсаулық, отбасыныңызға аманшылық пен береке-бірлік тілейміз. Жаңуыңыздың күн жағынан көлеңке, жел жағынан пана бола беріңіз. Күйлі-қуатты, ғұмырлы болғайсыз.

№2 МГӨБ ұжымы



**Қадірлі
Сәбит
Ордабайұлы!**

Ердің жасы – 50-ге келген мерейлі сәтіңіз құтты болсын! Өмір көшінде сүрінбей, абыройлы келесіз. Әрдайым шаңырағыңыздың тірегі, қамқоршысы болыңыз. Еңбекте де абыройлы, табыстысыз. Өзіңізге тапсырылған қиын да күрмеулі мәселелерді шешіп, өндірістің дамуына өз үлесіңізді қосудасыз. Алдағы өмірде де жұмыстастар арасында абыройлы, туғанға сыйлы, кейінге үлгі бола беріңіз.

№2 МГӨБ ұжымы



**Құрметті
Дүйсенғали
Әбенұлы!**

Асқаралы 60 жасыңыз құтты болсын! Елге, әріптес пен туысқа сыйлы азаматсыз, сол жиған абырой биігіңіз аласармасын. Қатарыңыздың алды болып, қатепті қара нардай тұлғаңызға сын келмей, 100 жасаңыз. Зор денсаулықта, мол бақытта, табыс пен жетістікте басқарманың жетекші қызметкерінің бірі болып жүргейсіз!

№2 МГӨБ ұжымы



КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ИГІ ІСІ

Спорттың ел намысы екендігін жақсы түсінетін «Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағанов бастаған кәсіподақ ұйымы қаратә киокушинкай спортымен айналысып жүрген 14 жасөспірімге спорттық киімдер сыйлады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымынан қамқорлық көрген спортшылар 3-4 қарашада Астанада өткен әлемдік олимпиадаға қатысты. Нұрқожа Қуатаев 14-15 жастағы жасөспірімдер арасындағы 45 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды.

Нұрқожаның жаттықтырушысы Алдаберген Дүйсекенов: «Балаларға спорттық киім алып берген «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымына алғысымыз шексіз. 26 мемлекеттен 900-ден астам спортшылар қатысқан дүбірлі додада қола медаль алуымыз үлкен жетістік! Спортпен айналысып, олимпиаданың биік шыңына көтерілген балаларға «бәрекелді!»-деу артық болмас!»-дейді.

«Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» демекші, адамда ерік-жігер болса, дүниеде кілті табылмайтын ештеңе жоқ!



Өзен

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:
Жұртшылықпен байланыс департаменті
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz
Журналист: **Индира Сәтенбаева**
Пошталық мекенжай: satenbaeva@bk.ru
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445

«АртДизайн» ЖШС
баспаханасында басылып шығарылды
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе
Тел: +7 (7292) 525-500
Таралымы: 3000 дана
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады